

Қоғам білікті мамандарға зәру

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің экономика саласы бойынша білікті кадрлар даярлаудағы үлесі мол. Университеттің «Менеджмент және маркетинг» кафедрасы 5B050700 «Менеджмент», 5B051000 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» және 5B051100 «Маркетинг» мамандықтары бойынша бакалаврлар, сонымен қатар, 6M050700 «Менеджмент» мамандығы бойынша магистрлар даярлайды. «Менеджмент» мамандығы бойынша студенттер әртүрлі деңгейдегі экономикалық қызметтерде, сонымен қатар қаржыны жоспарлау, маркетинг, басқару және басқа салаларда кәсіби қызмет ету үшін қажетті дағдыларға ие болады.

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша білім алатын студенттер мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүзеге асырса, «Маркетинг» мамандығы бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің ақпараттары мен маркетингтік мүмкіндіктерін анықтау, талдау және жүзеге асыру бойынша білім мен дағдыларды игереді.

Кафедрада өз ісін терең меңгерген білікті профессорлар мен оқытушылар дәріс береді. Онда студенттердің шығармашылықпен айналысуына толық жағдай жасалынған. Мамандар даярлау сапасын арттыру, әлеуметтік әріптестікті дамыту, оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігін арттыру, мемлекеттік органдар қызметкерлері, кәсіпорындардың мамандары мен жоғары оқу орындары оқы-

тушыларының біліктілігін арттыру мақсатында мемлекеттік орындар, өндірістік кәсіпорындар мен жоғары оқу орындары арасында әріптестік қарым-қатынасты нығайту және оқу-ғылыми-өндірістік кешен құру туралы келісімдер жасалған.

Қорыта айтқанда, ОҚУ-дың «Менеджмент және маркетинг» кафедрасы халықаралық стандарттарға сай білім беріп, жастарды жан-жақты кәсіби маман етіп даярлайды. Талапты жастарды қолтығынан демеп, бағыт-бағдар беру – біздің басты міндетіміз!

**Қ.ИСКАКОВ,
И.СҮЛЕЙМЕНОВА,**

**М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың
менеджмент және маркетинг
кафедрасының аға оқытушылары.**